

ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРҒА ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ ПӘНІ ТАҚЫРЫПТАРЫН ТҮСІНДІРУ БАРЫСЫНДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аширбекова Қ.С.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың PhD докторанты

Нусупбаева С.А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Магистр, аға оқытушы

Жұмаділ Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Магистр, оқытушы

Бүгінгі таңда жаңа технологияның дамуы, білім беру саласында көптеген өзгерістер енгізгендігі белгілі. Байланыс жүйелері мен ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, жоғары оқу орындарында шығармашылық және кәсіби білімнің жетілуін қамтамасыз ететін, білім берудің жаңа әдістерінің енуіне жағдай жасады. Ақпараттық көздерінің көптеген түрлері пайда болып, білім беру мен ғылым саласының сапасын жоғары деңгейге көтерді.

Білім беру үдерісінде сабақты өтуде интерактивті құралдарды қолдану, мұғалім мен оқушының шығармашылық тұрғысында ынталы түрде жұмыс жасауларына жол ашып отыр [1].

Солардың ішінде білім беру барысында жиі пайдаланылатын мультимедиялық технологияларға тоқталып өтетін болсақ.

«Медия» термині латтының «media» құрал деген сөзінен шыққан, кезеңде күнделікті өмірде ақпараттық және коммуникациялық бұқаралық құрал (баспасөз, фото сурет, киномотография, теледидар, аудио, видео, мультимедиялық компьютерлік жүйе, интернет) ретінде қолданылады.

Мультимедия түрліше ақпарат ұсынудың немесе пайдаланудың әр түрлі әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Біз қазіргі күнге дейін мультимедияның кейбір түрлерін күнделікті тұрмыста қолданып келдік. Мысалы теледидар және кино мультимедияның құрамдас бөліктері.

Мультимедиялық технологияны пайдаланудың артықшылығы:

-зерттелетін құбылыс, объект, үдерістердің тек қана сыртқы сипаты ғана емес ішкі қасиеттері, сапасы, мәні ашылады;

-адамның ой-санасына бейнелі әсер етіп, нақты ұғым-түсінікті қалыптастырады;

-мұғалімнің сөзі мен көрнекті түрде берілетін бейнені тікелей ұштастырудың нәтижесінде оқу материалын меңгерудің жоғарғы сапасына қол жеткізіледі;

-оқытудың интерактивті бағдарламасының негізінде оқытушының танымдық қызуғышылығы артып, ақпаратты есте сақтау көлемі ұлғайып, оқытуға кететін уақыт үнемделеді [2].

Мультимедиялық құралдарды тарих пәнін оқыту барысында пайдаланудың негізгі артықшылықтарын төмендегідей сипатта бөліп көрсетуге болады:

-Біріншіден, мультимедиялық технологиялар тарихи фактілерді, оқиғаларды бір бірімен байланыстырады. Көп жағдайда басқа да тәсілдер білімді толықтырады, мысалы: суреттер, дыбыстық анимациялар т.б.

-Екіншіден, тарихи материалды бейнелік қабылдау арқылы есте сақтау, қарастырып отырған дәуірге толықтай еніп, тарихи білімді мультимедиялық технологиялардың көмегімен қабылдаудың барлық жолдары арқылы әсер ете отырып материалды меңгерту, яғни видео үзінділер, фото суреттер көрсету арқылы.

Деректі бейнефильмдерден үзінді фрагменттерді пайдаланған аса тиімді, мұндайда, мысалы, хандардың тізбекті картасын (схемасын) құрап, басқа да дидактикалық бірліктерді қолдана отырып (карта, сурет, экспонаттар) жаңа тақырыпты беікітуге болады [3].

Әр пәннің ерекшелігіне қатысты түрлі мультимедиялық технологиялар пайдаланылады.

Оқыту үдерісінде мультимедиа технологиасын қолдану оқу уақытын тиімді пайдалануға, тақырып мазмұнын жан-жақты және студенттердің толық қабылдауына, олардың оқу мотивациясын арттыруына көп әсерін тигізеді [4].

Сабақ берудегі мультимедиялық технологиялардың ішіндегі компьютерде жасалатын ең басты көрнекілік құралының бірі ол тақырыптық презентация. Сол презентацияны біздер MICROSOFT POWER POINT программасында жасайтынымыз белгілі. Презентацияны жаңа сабақты түсіндіру барысында алдын ала жасап, сабақ барысында уақытымызды үнемдейміз, тыңдармандардың көңілін көрнекілік құралға аудара отырып, қарапайым тақтаны алмастырамыз. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты түрлі кестелер, диаграммалар, фото суреттер пайдалануымызға болады.

Мысалы жоғарыда аталған мультимедиялық технологиялардың қол жетімді түрлерін ғана пайдаланып, бір тақырыпты мысал ретінде көрсететін болсақ. Үлгі ретінде дүние жүзі тарихы пәніндегі, «Ежелгі Египет» тақырыбына тоқталып өтетін болсақ.

Сабақтың тақырыбы: Ежелгі Египет тарихы

Сабақтың мақсаты:

білімділік: Ежелгі Египет мемлекетінің географиялық орналасу жағдайын, алғашқы перғауындары, пирамидалары жайлы мәліметтер беру. Тыңдаушылардың дүниетанымдарын кеңейте отырып, әлем тарихына деген қызығушылықтарын ояту, аталған материалдарды игеруге барлық мүмкіндіктерді жасау.

дамытушылық: тыңдаушылардың дүние танымын кеңейту, білімдерін толықтыру.

тәрбиелілік: әлем тарихына қызығушылықтарын арттыра отырып, тыңдаушыларды отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілік құралдары: Интерактивті тақта, проектр, компьютер, смартфон қалта телефондары.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ (жаңа сабақ түсіндіру)

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Үй тапсырмасын қайталау: Ежелгі қос өзен мемлекеттері. Өткен тақырып бойынша пысықтау сұрақтарын қою.

III. Жаңа сабақ жоспары:

1. Ніл өзені алқабының табиғат жағдайы

2. Ніл өзені маңындағы пайда пайда болған алғашқы мемлекеттер

3. Әлеуметтік құрылымы.

4. Египет билеушілерінің басқа елдерге жорығы

5. Ежелгі Египет мәдениеті

Осы жаңа сабақтың жоспары бойынша тыңдармандарға берілетін ақпараттарға презентация жасаймыз.

1. Ніл өзені алқабының табиғи жағдайы

Презентация №1

Ежелгі Египет мемлекеті Африка материгінің солтүстік шығысында орналасқан. Бұл мемлекетті әлемдегі ең ұзын өзеннің бірі Ніл өзені басып өтеді. Оның ұзындығы 5539 км. Египет негізгі екі бөліктен тұрады: Жоғарғы Египет (оңтүстік) және төменгі Египет (солтүстік) Египеттің негізгі табиғат байлығының бірі - тас. Ніл өзенінің аңғарында малахит, гранит сияқты қымбат тастарға бай. Ніл аңғары құнарлы топыраққа бай болғандықтан Египет «Қара жер» атанған. Құрма ағашы, папирус жақсы өседі. Орталық Африкадағы тауларда қардың еруі және нөсер әсерінен маусым айында Ніл тасып, өзен аңғарын су басады. Қараша айында өзен арнасына түседі. Египетті б.з.б. IV мыңжылдықта гүлденген елге айналды..


2. Ніл өзені маңындағы пайда болған алғашқы мемлекеттер

Презентация №2

Артық өнімнің пайда болуы әлеуметтік теңсіздікке алып келді. Билігі де күшейген көсемдер тайпаластарын өз пайдасына жұмыс істетті. Б.з.б. IV мыңжылдықта Египетте шағын мемлекеттер пайда болып, құлиеленушілік құрылыс қалыптасты. Мемлекеттер бір-бірімен жиі соғысып, жеңген мемлекет жеңілгендер иеліктерін тартып алып отырды. Ақырында Ніл аңғарында екі ірі мемлекет пайда болды. Оңтүстік Египеттің патшасы басына биік ақ тәж, солтүстік патшасы қызыл тәж киген.

Бір орталыққа біріккен мемлекеттің құрылуы. Шамамен б.з.б. 3000 жж. оңтүстік патшалығы солтүстік патшалығын бағындырады және қосарланған ақ-қызыл тәжді киеді. Біртұтас Египеттің патшалары - перғауындар («пер-о»_үлкен үй) патша сарайы деп аталды.

3.Әлеуметтік құрылымы Презентация №3



Әлеуметтік топтарға жеке-жеке тоқталып, әр-топтық артықшылығын, қызметтерін айтып өту. Құлдардың шығу көзі, неге оларды «тірі өліктер»-деп атағандығын түсіндіру.

4.Басқа елдерге жорығы Презентация №4

Перғауынның аты	Басқарған жылдары	Басқару кезеңінде қандай саяси оқиғалар болды
Минес	Б.з.б. шамамен 3000 жыл	Мемлекет бір орталыққа біріктірілді
III Тутмос	Б.з.б. 1525-1491 жж.	Сирияға 17 рет жорық жасады. Жаулушылық саясат жүргізді
IV Аменхотеп	Б.з.б. 1419-1400 жж.	Діни реформалар жүргізілді
II Рамзес	Б.з.б. 1279-1213 жж.	Палестина, Сирия, Финикия т.б. елдерді жаулап алды

5. Ежелгі Египет мәдениеті

Ежелгі Египет мәдениеті бойынша 15 минуттық документалды кинофильм көрсету. Документалды танымдық кинофильмде ежелгі Египет жазуының шығу тарихы, ғылыми білімдері, медицинасының дамуы, алғашқы мектептердің пайда болуы, әдеби шығармаларды, ғибадатханалары, құдайлары және пирамидаларының салыну тарихы айтылып өтіледі.

IV Жаңа сабақты бекіту тест сұрақтары:

Жаңа сабақты бекіту тест сұрақтарын жүргізу барысында қазіргі таңда

әрбір тыңдаушының қолында бар қалта телефондарын (смартфон) пайдаланамыз. Қалта телефондарына алдын ала Quizizz қосымшасын жүктеп, сол қосымшаға тыңдаушылар аты жөндерін жазып тіркеліп, тақырыптық тестілеуден өтеді. Әрине ол жүйеге оқытушы осы бекіту тест сұрақтарын алдын ала енгізіп дайындап қояды, тест тапсырмасын тапсырар алдында тыңдаушыларға жүргізілетін бақылаудың паролін береді, тыңдаушылар сол паролді тіркеп бақылау тестін тапсырады. Барлық тыңдаушы тест сұрақтарына жауап беріп болған соң, қосымшада тыңдаушылардың қанша тест сұрағына дұрыс жауап бергендігі жайлы мәлімет шығады. Сол арқылы әрбір тыңдарман қай мәселені меңгермеген болса, сол сұрақты қайтадан қарап, қайталап шығуына болады.

1. Африканың солтүстік-шығысында орналасқан ежелгі мемлекет:

A) Сирия B) Египет C) Вавилон D) Нубия E) Хет

2. Египеттің ежелгі атауы:

A) «Қызыл жер» B) «Күміс таулы ел» C) «Қара жер» D) «Жасыл аймақ» E) «Орманды ел»

3. Ніл өзенінің ұзындығы:

A) 4000 км B) 7000 км C) 6760 км D) 5589 км E) 3895 км

4. Египет халық тығыз қоныстанған елге айналған мерзім:

A) Б.з.б. IV мың жылдық B) Б.з.б. I мың жылдық C) Б.з.б. II мың жылдық D) Б.з.б. III мың жылдық E) Б.з.б. VI мың жылдық

5. Египетте б.з.б. IV мыңжылдықта пайда болған мемлекеттердің саны:

Жаңа сабақты бекіту бөлімінің, тест сұрақтарының дұрыс жауаптары:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
B	C	D	A	E	C	A	D	E	A

Қорыта айтқанда, мультимедиялық технологиялардың жалпы тарих сабағында берер мүмкіндіктері өте зор, сабақ барысына аудитория толық дерлік материалды меңгеруге жұмылдырылады, интеллектуалды белсенділіктері артып, соған сай сабақтың тиімділігі жоғарылайды. Мультимедиялық технологиялар оқытушыға да тыңдаушыға да сабақты қызықты етіп өтуге жағдай жасай отырып, сол компьютерді басқарып, материалдарды дайындайтын оқытушының да еңбегінің өте зор екенін көрсететінін де айтуға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Серікбаева Р. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны әлеуметтік

күқықтық пәндерге қолдану // Тарих Қазақстан мектебінде. 2014, №2 (44), 7-б.

2. Бұзаубақова К. Оқытудың мультимедиялық технологиясының ерекшеліктері // Ұлт тағлымы. 2010, №2, 38-39-б.

3. Айымбетова Л.М. Тарих сабағында техникалық құралдарды пайдаланудың тиімділігі // Тарих Қазақстан мектебінде. 2015, №1 (49), 5-б.

4. Қожамжаров Е. Оқыту үдерісінде мультимедиа технология құралдарын пайдалану // Ұлт тағлымы. 2009, №1, 95-97 б.